ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 01 қараша №2301-23-00-2/1850 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Руслан Құдайбергенұлы»,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,
3. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты біржақты бұзу туралы,

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М.Қыстаубаева,
талап қоюшы өкілі Б.К.Тулешева,

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 28 маусымда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №42 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап, 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 18 шілдеге дейін талап қоюшыға 24 400 теңгеге «Жылыту жүйесін шаю және қысыммен тексеру бойынша қызметтер көрсету»түріндегі қызметтер жасауға міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер қызметті көрсетпеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 14 тамызда жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 12.12.2023

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2023 жылғы 18 шілде мен 2023 жылғы 14 тамыз аралығындағы 27 күн үшін 659 теңге деп есептеген.

Сот, бұл есепті дұрыс деп санайды. Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою қанағаттандырылуға, жауапкерден мемлекет кірісіне 659 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

№3 талап қою бойынша

АК-нің 401-бабының 2-тармағының талабына сай, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт: 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде; 2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Сот отырысы барысында анықталғандай, жауапкер шартта көзделген міндеттемені орындамаған, осы себепті, жылыту жүйесін шаю және қысыммен тексеру бойынша қызметтер уақытылы жасалмаған, бұл жағдай тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар болып табылады.

Талап қоюшының сотқа дейін дауды реттеу туралы жауапкерге жолдаған жазбаша хабарламалары нәтижесіз қалған.

Істің бұл тұрғысында, сот, жауапкер тарапынан шарт талаптарын едәуір бұзу орын алған және деген талап қоюшы шартты бұзуды талап етуге құқылытұжырымға келеді.

Мұндай жағдайда, №3 талап қою қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне барлығы 3 470 теңгемемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 12.12.2023

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Руслан Құдайбергенұлы» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, шартты бұзу және тұрақсыздық айыбын өндіру туралыталап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Руслан Құдайбергенұлы» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен жеке кәсіпкер «Руслан Құдайбергенұлы» арасында 2023 жылғы 28 маусымда жасалған №42 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алутуралы шарт біржақты бұзылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Руслан Құдайбергенұлы» мемлекет кірісіне 659 (алты жүз елу тоқсан) теңге тұрақсыздық айыбын, 3 470 (үш мың төрт жүз жетпіс) теңгемемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «11» желтоқсан 2023 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 12.12.2023

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 12.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»